



Сауран ауданы, Шорнақ ауыл округі, Аша ауылы,  
А.Байтұрсынов көшесі, құрылыс 3, БСН 000340005338

район Сауран, сельский округ Шорнақ, село Аша,  
улица А.Байтұрсынов, строение 3, БСН 000340005338

**БҰЙРЫҚ**

31.08.2023

**ПРИКАЗ**

№ 115

**Ыстық тамақ ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығымен бекітілген "Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы" «Білім туралы» ҚР Заңының, ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығы 10-қосымшасының негізінде, орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларымен Сауран ауданының білім бөлімінің 28.08.2023 жылғы №115 бұйрығын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Әлеуметтік педагог С.Шегенова 2023 жылғы 4-қыркүйектен бастап, 1-4 сынып аралығындағы барлық оқушы жалпы міндетті білім беру қорынан белгіленген қаражат есебінен ыстық тамақтандыруды ұйымдастырсын.
2. Асханада оқушыларға берілген ыстық тамаққа қажетті азық-түліктерді дер кезінде жеткізіп тұру және асханадағы оқушыларға берілген ыстық тамақ тауарларды сатып алу актісіне қарай нормативке сәйкес калкуляция жасау, ас мәзірін (меню) дайындау қызмет көрсету ИП Томирис жеке кәсіпкерлігінен талап етілсін және жауапты болсын (келісім шарт негізінде).
3. Ыстық тамақтың құрамын меню бойынша сапасының санитарлық талапқа сай болуын күнделікті бақылау мектеп фельдшері Р. Сатбаеваға жүктелсін.
4. Оқушыларға ыстық тамақ беру үшін барлық асхананың жабдығын жеке тиісті орындардан рұхсат қағаздарын алып, асханадағы тамақтың сапалы әрі дәмді дайындалуына аспазшы Б.Асановадан талап етілсін және жауапты етілсін.
5. Ыстық тамаққа жұмсалған қаражаттың жұмсалуды және есеп қисап жүргізу әлеуметтік педагог С.Шегеноваға жүктелсін.

